

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  М.К.Кулсарина



Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жанындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің кіші тобының

қыркүйек айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағынбаева Г.Қ

## 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
<b>қыркүйек</b>	Дене шынықтыру	Маман жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті .</b></p> <p>қалыптастыру:</p> <p>-айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>-Балаларды заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеу тіліне, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>-Балаларды тәрбиешінің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) жасай білуге үйрету.</p>

	<p>Көркем әдебиет</p>	<p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады;</p> <p>-адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас), тұрмыстық және ойын әрекетін (қыдыру, тамақтану), әртүрлі өлшемді (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсінеді; зат есімдерді, есімдіктерді етістікпен байланыстыра алады;</p> <p>-берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді; жақсы таныс ертегілердің үзінділерін есте сақтайды.</p> <hr/> <p>ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;</p> <p>-тақпақтардың интонациясын қабылдауды;</p> <p>-кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға;</p> <p>-ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді;</p> <p>-таныс тақпақтарды қайталауды;</p> <p>-ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>-тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген;</p> <p>-қысқа тақпақтарды, өлеңдерді жатқа біледі;</p> <p>- шығармалардың мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныта біледі;</p> <p>-жақсы таныс шығармаларды көрнекі құралдарсыз тыңдайды;</p> <p>-кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алады.</p>
--	-----------------------	--

Сенсорика	<p>-заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>-қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>-үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындай алады;</p> <p>-қимылдардың, қолдың ұсақ моторикасының үйлесімділік дағдыларын игерген;</p>
Құрастыру	<p>-құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды;</p> <p>- құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>-құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыра алады;</p> <p>-құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыра алады;</p>
Қоршаған ортамен танысу	<p>өлі және тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>-көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша атайды және</p>

	<p>ажыратады;</p> <p>жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аударады;</p> <p>-аулаға ұшып келетін құстарды атайды және ажыратады;</p> <p>- табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.</p>
Сурет салу	<p>балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту;</p> <p>-балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>-дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелей алады;</p>
Жапсыру	<p>Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;</p>
Мүсіндеу	<p>- балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>-сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі;</p> <p>-сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие;</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>- музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p>

		<p><b>Ән айту.</b></p> <p>-ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылықты дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар</p> <p><b>Дағдыларын қалыптастыру:</b></p> <p>-музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>-музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер мен пьесаларды) ажыратады;</p> <p>-музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, (кім, не туралы айтылатыны) көңіл- күйін білдіреді;</p>
--	--	--

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би «шағын орталығы»  
Топ: кіші топ  
Балалардың жасы- 2 жас  
Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр  
Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 қыркүйек 2022 ж

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі 05.09.22</i>	<i>Сейсенбі 06.09.22</i>	<i>Сәрсенбі 07.09.22</i>	<i>Бейсенбі 08.09.22</i>	<i>Жұма 09.09.22</i>
------------------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------	----------------------

Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшағы балалардың тәртібі, іс-әрекеті туралы айту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Саусақ ойыны "Бас бармақ". Шарты:Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. - Бас бармақ – байтақ, Балаң үйрек – көмек, Орган терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. Шарты:Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, қолдың моторикасын дамыту. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың.	Байлау ойыншығымен ойнату. Шарты:Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; бауды баулауға үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Торғай" саусақ жаттығуы. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп,	"Кімдікі? дамытушы ойыны. Шарты:Балалардың жағымды көңіл-күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; отбасындағы белгілі заттардың кімге қажет екенін анықтату; есте сақтау қабілетін дамыту.

				алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады.	
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жаттығулар кешені.</p> <p>1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Шапалақтаймыз" Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді) Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)</p> <p>3. "Көңілді баламыз". Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 рет Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.</p>				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс әрекетке бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Қайырлы таң, балақайлар! Қайырлы таң, мөлдір қайнар! Күніміз де бізге күлімдейді: Сәлем, сәлем! - дейді. Д. Ахметова</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Музыка. "Асыл әжем". Балалардың әже туралы әнді тыңдау	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша (Көркем әдебиет)	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша (Құрастыру)	(Қоршаған ортамен танысу) Аю мен қонжық". Аю мен қонжық	Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша "маша мен аю" атты



іс әрекет	(Сурет салу.) "Доп кетгі домалап". Балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету; "Допты сипайық" ойын рефлексиясы.	""Маша мен Аю" ертегісі" Балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыра отырып, зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға үйрету;	"Жолмен жүрейік". "Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы. "Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы. Сөйлеуді дамыту Ойыншықтар	суретімен таныстыруда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін, эмоциялық қабылдауын дамыту. Саусақ жаттығуы.	мультфильмін көру. (Мүсіндеу) "Қуыршақтарға кәмпиттер". ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету;
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	<p>Ауа райын бақылау Ағаштарды бақылау. Шарты:ағаштар туралы білімдерін дамыту, ағаштарға ұқыпты, қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. балалар аққайын, қарағаш, теректерді ажыратады. Көркем сөз. Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А.</p>				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға				

	машықтандыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауды байлау ойыншықтармен ойындар.</p> <p>Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: “Менің көңілді добым...”</p>				
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Қуыршақтар" Қуыршақ ойыншығымен ойнату.</p> <p>Қуыршақтар күлімдейді:</p> <p>- Кел, ойнайық! - дейді.</p> <p>Қуыршақты тербетейік:</p> <p>- Ұйықташы,- дейік.</p>	<p>Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Бас бармақ байтақ,</p> <p>Балаң үйрек - көмек,</p> <p>Орган терек - бөлек,</p> <p>Шылдыр шүмек - керек,</p> <p>Кішкентай бөбек - көбелек, көбелек.</p> <p>Д. Ахметова</p>	<p>"Айна" ойыны.</p> <p>зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>Сергіту сәті"</p> <p>Шарты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру.</p> <p>- Алдымызда ұзынша,</p> <p>Жайылып тұр жолақша.</p> <p>Топ-топ басайық,</p> <p>Бірге жылдам</p>	<p>"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.</p> <p>- Сары күнге ұқ-сап,</p> <p>Біз жүреміз "сап-сап".</p> <p>Бұлт келсе қап-тап,</p> <p>Жаңбыр жауар "там-там".</p>

	Д. Ахметова			барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі күн тәртібі мен балабақшаның күн тәртібі".				

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: кіші топ

Балалардың жасы- 2 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 12.09.22	Сейсенбі 13.09.22	Сәрсенбі 14.09.22	Бейсенбі 15.09.22	Жұма 16.09.22
Балаларды қабылдау	Балалардың сыртқы келбетін тексеру				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	"Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып,	Мысық ойыншығымен ойнату "Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма). Біздің мияу, Тоны қандай тамаша! Таң қаласың, Талдап мұртын тараса. Көзі шақпақ, Тісі аппақ. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Мысық ойыншығымен ойнату. "Жолға отырма". Мияу, мияу, Кет, пырыш! Жолға отырма Тым-тырыс. Біздің бөпеш Жүгірер Жолда саған сүрінер. М. Әлімбаев	Әтеш ойыншығымен ойнату. "Әтеш" (орыс халқының тақпағы). Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте

		отырайық (алақандарымен бастарының төбесін жабу). Д. Ахметова			тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? Х. Ерғалиев, М.
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жаттығулар кешені.</p> <p>1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Шапалақтаймыз" Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді) Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)</p> <p>3. "Көңілді баламыз". Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 ретү Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.</p>				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру.</p> <p>Аспанымызға "сәлем" айтамыз, Алтын күнге "сәлем" айтамыз. Балалар, біз де гүлдей болайық, Күнге қолдарымызды созайық.</p>				

	Д. Ахметова				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	<p>Музыка.</p> <p>"Әжемнің әні". Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру;</p> <p>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.</p> <p>"Әжемнің жіптері". Балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; (Сурет салу)түсті жіптерді қағаз бетіне жапсыруды үйрету(жапсыру)</p>	<p>Дене шынықтыру (Маманның жоспары бойынша</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Ойыншықтар". Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету.</p> <p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.</p>	<p>Дене шынықтыру (Маманның жоспары бойынша</p> <p>"Бауырсақ ертегісі "</p> <p>Ертегі желісін түсіндіру.Кейіпкерлердің даусын салып ертегі мазмқны түсіндіру</p> <p>(Көркем әдебиет)</p> <p>"Саңырауқұлақ". Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; (Қоршаған орта)</p>	<p>Доппен ойнаған мысық Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету;</p> <p>"(Жапсыру)"</p> <p>. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.</p>	<p>Дене шынықтыру. (Маманның жоспары бойынша</p> <p>"Түрлі ойыншықтар" Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету;</p> <p>(Сенсорика)</p>

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Күнді бақылау(қоршаған орта). Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру;	Аспанды бақылау. (қоршаған орта) - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені	Бұлтты аспанды бақылау.(қоршаған орта) Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату.	Еңбекке баулу тапсырмасы. балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.	"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты - балалар ойнады. - Күн тығылды - жаңбыр жауды.
Серуеннен оралу	Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалармен жеке жұмыс	Әтеш ойыншығымен ойнату. <i>"Әтеш" (орыс халқының тақпағы).</i> Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын	Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". <i>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).</i> Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын.	Ойын-имитация. "Қонжық". - Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-маңдап басып, Келесің жылжып.	"Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен	Ермексаздан бөлшектер жасауды үйрету.

	айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев		ойна!	
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері".				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: кіші топ

Балалардың жасы- 2 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 19-23 қыркүйек 2022 ж



<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі 19.09.22</i>	<i>Сейсенбі 20.09.22</i>	<i>Сәрсенбі 21.09.22</i>	<i>Бейсенбі 22.09.22</i>	<i>Жұма 23.09.22</i>
Балаларды қабылдау	Балалардың сыртқы келбетін тексеру				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балалардың мәдени-гигиеналық ережелерімен таныстыру; балаларға жағымды орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру; жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.	"Менің үйім" үстел үсті ойыны. бөлшектерден үй жасауды үйрету, оның неден тұратындығын айту.	"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.	"Менің туған қалам" тақырыбында сюжетті суреттерді қарау. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұраққа толық жауап беруді талап ету.	"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны. жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту.
Таңертеңгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "міне" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 ретқайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "міне", "міне" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" дейді.				

	<p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).</p>				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Күн шуағын жинаймын.</p> <p>Достарыма сыйлаймын.</p> <p>Күн жылуын аямасын,</p> <p>Шуағымен аяласын.</p> <p>Достық деген бәйтеректі</p> <p>Барлық бала саяласын.</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	<p>Музыка</p> <p>"Жаңбыр"</p> <p>Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту</p> <p>"Шамдар" дидактикалық ойыны.</p> <p>қасиеттері бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>(Маманның жоспары бойынша</p> <p>"Қазақстан туралы әңгімелесу Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы жөнінде, Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; "</p> <p>(Сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Ашық шамдар» Қызыл, сары, көк түсті дөңгелек пішіндерді түзу сызық бойына желімсіз орналастыру.</p> <p>(жапсыру)</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>(Маманның жоспары бойынша</p> <p>"Жалауша"</p> <p>Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуға үйрету;</p> <p>жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданатыны жайында баяндау,</p> <p>(Сурет салу)</p> <p>Жіңішке және жалпақ жол» балаларды</p>	<p>Математика</p> <p>негіздерінен ойын-жаттығу.</p> <p>"Үй салайық". бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту(Құрастыру).</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>(Маманның жоспары бойынша</p> <p>"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны.</p> <p>балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.</p> <p>1-нұсқа - затты қолмен ұстап санау;</p> <p>2-нұсқа - қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау(Математика негіздері).</p>

	заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. (Сенсорика)		құрылыс материалдарынан (текшелер) кеңістікте жалпақ және жіңішке жол жасауға үйрету. (Құрастыру)		
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Қайыңды бақылау. жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.	Ауа райын бақылау. табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету. (Қоршаған орта)	Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау. табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.	Жыл құстарын бақылау. жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. (Қоршаған орта)	Ауа райының жағдайын бақылау. табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету;
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны. ұзын - қысқа, жуан - жіңішке , үлкен -	"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны. ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аққу-қаздар", "Ұстап ал". белгі бойынша жылдам әрекет	Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет". дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қай жерде жасырылғанын тап". кеңістікті

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кіші, оң - сол жайлы білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту.(сенсорика)	бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту.		бағдарлау.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар. . Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту	Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (сенсорика)	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру(сөйлеуді дамыту)	"Күз" тақпағын жаттау. . Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.(сөйлеуді дамыту)	"Наубайхана" ойыны Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру;(сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"; "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек"; "Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары".				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: кіші топ

Балалардың жасы- 2 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 26-30 қыркүйек 2022 ж

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі 26.09.22</i>	<i>Сейсенбі 27.09.22</i>	<i>Сәрсенбі 28.09.22</i>	<i>Бейсенбі 29.09.22</i>	<i>Жұма 30.09.22</i>
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	"Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Сары күнге ұқсап". Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).</p>	<p>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.</p>	<p>"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай!</p>	<p>"Жапырақтар" қимылды жаттығуы. Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оң-солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарды қайталау</p>	<p>"Сап-сары жапырақтар". - Сап-сары жапырақтар ... Сап-сары жапырақтар ... Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. М. Мақатаев</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>1 – Бастапқы қалып – негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.  1.1. – қолды жан-жаққа созып, жоғары көтеріп, саусақтарды қимылдатып, "Жалауды желбірейік" деп айту, демді ішке тарту.  1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).  2. Бастапқы қалып – аяқтарды сәл алшақ қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру.  2.1. – басты оңға иіп, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.  2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.  2..3. – басты солға иіп, қолды сырғытып төмен түсіріп, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.  2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау).</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. - Қош келдің, Алтын күз!  Алтын жапырақты күз!  Біздің қолдарымыз жапырақтардай.  Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.</p>				
<p>Білім беру</p>	<p>Музыка. "Айгөлектей</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>(Жапсыру)</p>	<p>Дене шынықтыру</p>

<p>ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет</p>	<p>дөңгелеп". музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; (Құрастыру) құрастырма заттардан құлыншаққа қоршау жасауға үйрету; жасаған құрылыс үлгісіне қарап, өз жұмысына эмоциялық сезіммен риза болу қабілетін қалыптастыру. (Сурет салу) «Жаңбыр тамшысы» Тәрбиешінің көмегімен қағаз бетіне карандашпен сызық салу</p>	<p>(маман жоспары бойынша) (көркем әдебиет) "Саусақ санамағы". Отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; (Қоршаған орта) Қуыршақ Дана мен балапандар". Балалардың үй құстары мен олардың балапандары туралы түсініктерін кеңейту; сурет мазмұнындағы кейіпкерлер әрекеті арқылы балалардың қабылдау қабілетін, тілін, түйсіктерін дамыту.</p>	<p>(маман жоспары бойынша) (Сурет салу) «Балабақшадағы әдемі бояулар» Көлденең, тігінен сызықтар сызу. (Сенсорика) «Ойыншық құлыншақтың жолы» балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген түстен: қызыл, көк түсті табу.</p>	<p>«Досымның доптары» дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырып қоя білуге үйрету. Сары түспен таныстыру. (Сурет салу) «Көңілді жол» (екі түсті бояумен жол салу) (Құрастыру)«Доп» қиылған бөліктерден доп құрастыру. (қағаз) (қоршаған орта) «Менде қандай ойыншық бар?» жануарлардың дене бөліктерін атауға үйрету (танау, құйрық, аяқтар)</p>	<p>(маман жоспары бойынша) (Сурет салу) Қағазбен, қарындашпен сурет салу техникасын, түзу сызықтар арқылы балабақшаға баратын жолды салу (Сенсорика) «Қуыршаққа арналған моншақтар» балаларды әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеу. (Мүсіндеу) «Досыма арналған бәліш» бәлішті мүсіндеу</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Күзгі ауа райын бақылау. Балалар, айналаға қараңдаршы:</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. Балалар, мына ағаштардан нені</p>	<p>Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. Саябаққа күз келсе,</p>	<p>Желді бақылау. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.</p>	<p>Ақшыл бұлтты бақылау Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауға</p>

	жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады. - Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді. - Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. Қ. Ыдырысов	көріп тұрсыңдар? - Жарайсыңдар, бұл жапырақтар. - Жапырақтар жасыл ма? - Жапырақтар сары. Педагог түсіп жатқанына көңіл аударады. - Қараңдаршы. - Жапырақтарға не болды? - Жапырақтар түсіп жатыр.	Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты.	Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Түріп жатыр, Бүріп жатыр Солғын тартқан гүлдерді.	үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	Ермексизден шамасы бірдей кесектерді жасау амалын игерту. "Жапырақтар".	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Саусақтарды ойнатайық, Бір-біріне уқалайық. Арасына өткізіп, Мықты құлыптар жасайық. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там – соқса тамшылар, Жамылып, отырайық. Д. Ахметова
Балалармен жеке	«Ғажайып қапшық»	Жыл мезгілі туралы	Дидактикалық	Сөздік ойын	жаттығуларды



жұмыс	баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту	әңгімелесу.	ойын: «Атын атап бер» түстерді атауға қабылдауды үйрету	«Қимылын көрсет»	қызығушылықпен орындайды.(Топпен)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				



«Бекітемін»

Мектеп директоры:  М.К.Кулсарина



Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жанындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛГЫШ ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің кіші тобының

қазан айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағымбаева Г.Қ

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталық

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
<b>қазан</b>	Дене шынықтыру	Маман жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p><b>қалыптастыру:</b></p> <p>-дыбысқа еліктеу сөздерін қолданып, дауысты дыбыстарды дұрыс айту;</p> <p>-дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер</b></p> <p>-тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыста алады;</p>
	Көркем әдебиет	-Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуы қадағалау.

		<p><b>Күтілетін нәтижелер</b></p> <p>-тыңдалым және айтылым дағдыларын игерген;</p>
Сенсорика		<p><b>Біліктерді жетілдіру:</b></p> <p>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;</p> <p>- түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстырады және іріктейді.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер</b></p> <p>-ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;</p> <p>-түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады.</p>
Құрастыру		<p><b>Білімдерін қалыптастыру:</b></p> <p>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары туралы;</p> <p>-материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр) туралы;</p> <p>-кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру – үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік туралы;</p> <p>-қарапайым бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы.</p> <p>-Балаларға кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып ұқыпты біріктіру туралы дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>-құрылыс материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді игерген;</p>

		-құрылыс материалдарын пішіні, көлемі бойынша топтастырады.
Қоршаған ортамен танысу		-ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> -ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету.
Сурет салу		-сурет салу техникасын жетілдіру. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парабетінде бейнені орналастыру; - балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> -қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (үш саусақпен); - түстерді ажыратады және дұрыс атайды; -өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады.
Жапсыру		<b>Дағдыларды қалыптастыру.</b> -фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; -фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> қағаз бетіне геометриялық пішіндерден қарапайым пішіндер (машина, үй, қар адамы) құрастырады және орналастырады;

Мүсіндеу	<p>сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;</p> <p>- техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (үлкен кесектен кішкентай бөліктерді бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);</p> <p>бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен заттарды мүсіндейді.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>-жана әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>-әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар</b></p> <p>пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу);</p> <p>- музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру;</p> <p>- қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;</p> <p>-әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірлігінен есту.</p>

		<p>сақтау;</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік- ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау;</li><li>-жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама- қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты жоғары-төмен, баяу – жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауысу;</li><li>-мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту.</li></ul> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>-әннің бөліктерін айта алады (ересекпен бірге), ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады, қол білектерімен айналдыруды орындайды);</li><li>-қимылдарын музыканың басталу сәтінен аяқталғанға дейін орындайды (қоян секіреді, көбелектеп ұшады);</li><li>-музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындайды;</li><li>-кейбір музыкалық аспаптарды атайды (барабан, бубен, сылдырмақ).</li></ul>
--	--	---



**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Бала би «шағын орталығы

Топ: *кіші топ*

Балалардың жасы- *2 жас*

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі *02-06қазан 2022 ж*

<b>Күн тәртібінің</b>	<i>Дүйсенбі 02.10.22</i>	<i>Сейсенбі 03.10.22</i>	<i>Сәрсенбі 04.10.22</i>	<i>Бейсенбі 05.10.22</i>	<i>Жұма 06.10.22</i>
-----------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------	----------------------

<b>үлгісі</b>					
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев	Дидактикалық ойын: «Көшедегі гүлдерді жинау»	"Жапырақтар" қимылды жаттығуы. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.	"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	"Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны. сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай).
Таңертеңгі жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1 – Бастапқы қалып – негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру. 1.1. – қолды жан-жаққа созып, жоғары көтеріп, саусақтарды қимылдатып, "Жалауды желбірейік" деп айту, демді ішке тарту. 1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып – аяқтарды сәл алшақ қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру. 2.1. – басты оңға иіп, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету. 2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу. 2..3. – басты солға иіп, қолды сырғытып төмен түсіріп, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау. 2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып – аяқтарды бірге қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру. 3.1. – жерге отырып, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.				
Ұйымдастырылған	"Ұшты талдан жапырақ".				

ісәрекетке дайындық	<p>Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	<p>Музыка "Ару күз". Үлкен және кішкентай сәбіздер". (Мүсіндеу) "Қош келдің, Алтын күз» (Қоршаған орта) «Бұл мен!» (суреттерді көрсете отырып, әңгімелесу) (Сөйлеуді дамыту) «Тостаған» Үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыруға үйрету. (қиылған бөліктер) (Құрастыру)</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) «Піскен алма» Балаларға дөңгелек пішінді сала білуді үйрету, карандашты дұрыс ұстауды үйрету (Сурет салу) «Ыдыстағы көкөніс» (Жапсыру) Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) Пазлдардан сурет құрастыру(Сенсорика) «Күз келді» Күз мезгілі туралы түсінік беру (сөйлеуді дамыту) «Менің моншақтарым» Дөңгелек сызықтар жүргізу арқылы моншақ суретін салуға үйрету. (Сурет салу)</p>	<p>(Сурет салу) Жау-жау , жаңбыр (дайын үлгідегі бұлттың астына) Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. (Құрастыру) «Үй» (текшелерден) үй құрастыру. «Мен секілді жаса» пирамида туралы түсінік беру, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету, шығыршық дөңгелектер жасауды үйрету(Сенсорика)</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) (Көркем әдебиет)«Алтын дән» өлең. (К.Ахметова) (Мүсіндеу) «Қонжыққа арналған жидектер» Бүлдіршіндерге кішкене домалақ заттарды мүсіндеуге үйрету.</p>
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Күзгі ауа райын бақылау.				

	<p>Балалар, айналаға қараңдаршы: жапырақтар сарғайды.  - Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.  - Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.  - Күзім-күзім, күзім-ау,  Мінезің бұзық-ау.  Жаңбырың сіркіреп  Келгенің қызық ау.  Қ. Ыдырысов  Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев	«Көрсет және қайтала» ойыны	". Мұны қайдан сатып алуға болады? Дидактикалық ойын. Балалардың әр түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық-түлік дүкендері болады: «Көкөніс-жеміс», «Нан», «Сүт тағамдары»)	Үстел-үсті ойыны: «Моншақтарды тізбекте	Әуенді - ырғақты қимыл- ойын : «Топ-топ басайық»
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Саусақтарды ойнатайық, Бір-біріне уқалайық. Арасына өткізіп,	"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.	Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Шарты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап,	Қимылды жаттығуы.Шарты балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру;

	Там-там – соқса тамшылар, Жамылып, отырайық. Д. Ахметова	Мықты құлыптар жасайық. Д. Ахметова		жүгіре білу	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би»

Топ: кіші топ

Балалардың жасы- 2 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 9-13 қазан 2022 ж

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі 9.10.22</i>	<i>Сейсенбі 10.10.22</i>	<i>Сәрсенбі 11.10.22</i>	<i>Бейсенбі 12.10.22</i>	<i>Жұма 13.10.22</i>
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске деген аллергиясы жөнінде".				
Балалардың дербес	Алма пішіндерімен	Қияр пішіндерімен	Сары банан	"Көкөністер"	"Жемістер"

<p>әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>ойнату. Қызыл алма дөңгелек, Алтын күн де дөңгелек, Басым менің дөңгелек, Добым ол да дөңгелек.</p>	<p>ойнату. "Қияр" (орыс халқының тақпағы). Қияр, қияр, шет-тысқа Бара көрме, желігіп: Жеп қояды бір тышқан Құйрығыңды кеміріп. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев</p>	<p>пішіндерімен ойнату. - Сары банан сопақша, Шұжық еті сопақша, Тәтті сәбіз сопақша, Таяқша да сопақша.</p>	<p>дамытушы ойыны. Құралдар: көкөністердің нақпішіндері. - Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. - Тамаша! Жарайсыңдар!</p>	<p>дамытушы ойыны - Ал баубақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма.</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</p> <p>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).</p> <p>2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.</p> <p>2–1 оң иықты көтеру;</p> <p>2–2 б.қ. келу;</p> <p>2–3– сол иықты көтеру.</p> <p>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).</p> <p>3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.</p> <p>3–1– 3 рет секіру;</p> <p>3–2 – б.қ. келу;</p> <p>3–3– 3 рет секіру;</p> <p>3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау).</p>				
<p>Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық</p>	<p>"Біз шалқандай өстік".</p> <p>Балаларды шоқайтып отырғызып, жаттығуды бастауға болады.</p> <p>- Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),</p>				

	Қайта жерге отырдық (қайта отыру). Д. Ахметова				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	(Музыка) "Күз сыйлаған топ-топ". Музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. (Сурет салу) "Алма".қызыл түсті қылқаламен дөңгелек пішініндегі үлкен алманы салып шығуға үйрету;	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) "Күздік алмаларға қорапша". қорапша құрастыруға үйрету (Құрастыру) Шалқан ертегісі(Көркем әдебиет)	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) «Қуыршақты шомылдырайық» Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету.(Сөйлеуді дамыту)	(Сурет салу)Тақырыбы: «Әдемі доптар» дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету. (Сенсорика) «Қорапшаларға орналастыр»Шарты: 2 әр түрлі пішінді (тік төртбұрыш, үш бұрыш) және екі әр түрлі көлемді заттарды таңдауға және топтастыруға үйрету.	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) (Мүсіндеу)«Доптар» Шарты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауға үйрету. (Құрастыру) «Үй және қақпа» Шарты:Балаларды құрылыс блоктарымен үй жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алуға дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	(Қоршаған орта) Көк аспанды бақылау. Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа. Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Соққылайды шатырға.				



	<p>Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? Д. Ахметова "Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны. - Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру). Д. Ахметова</p>				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(Көркем әдебиет) Бауырсақ ертегісі.Ертегі желісін оқып мазмұнын түсіндіру	"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшшш...	"Өз орныңды тап" қимылды ойыны Шарты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.	"Алмалар шашылды" қимылды ойыны. - Алма бақта көп алма, Қызыл алма, көк алма. Күз келді, тез жинаңдар, Кеш қалып қалмаңдар. Д. Ахметова	"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны. - Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу). Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру). Д. Ахметова

		(отырып жатқанда дыбыстар шығару)			
Балалармен жеке жұмыс	«Менің отбасым» картина топтамасынан суреттердің қарау	Сөздік ойын «Қимылын көрсет»	. Жалғыз аяқ жолмен» Шарты: бір бағытта сызық бойымен жүруге, тепе-теңдікті сақтай білуге үйрету.	«Таныс пішіндер доминосы» Шарты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.	«Өз үйіңді тап» Шарты: түстерді ажыратуға жаттықтыру;
Балалардың үйге қайтуы	Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: кіші топ

Балалардың жасы- 2 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр  
 Жоспардың құрылу кезеңі 16-20қазан 2022 ж

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі 16.10.22</i>	<i>Сейсенбі 17.10.22</i>	<i>Сәрсенбі 18.10.22</i>	<i>Бейсенбі 19.10.22</i>	<i>Жұма 20.10.22</i>
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін игертудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Алтын астық" "Алтын астық" <i>тақпағын</i> <i>мәнерлеп оқу.</i> Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала - бай дала, Алтын астық айнала. Қ. Мүсірепов	Ойыншықтармен ойнату. Еркін ойын	Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой.  Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке	Тышқан ойыншығымен ойнату. Ойыншық болмаса, суретін көрсету Тықыр-тықыр тықырлап, Кеміріп, бидай ұрлап, Тышқан жүр, еден тесіп. Көрейік оны, барлап. Д. Ахметова	"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны. дөңгелек пішінді түрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету;

			С. Әлімқұлов		
Таңертеңгі жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау). 2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену. 2–1 оң иықты көтеру; 2–2 б.қ. келу; 2–3– сол иықты көтеру. 2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау). 3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру. 3–1– 3 рет секіру; 3–2 – б.қ. келу; 3–3– 3 рет секіру; 3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау).				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) Жел еседі алқапта, Бидай толды масақта. Масақты жинап, терейік, Ұннан нанды пісірейік. Нан ыстық, аппақ, Ұстауға жұмсақ. Д. Ахметова				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	Музыка. "Балдәурен". "Тоқаштар". қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) (Сөйлеуді дамыту)"Нанның қасиеті". Шарты. Балаларға нанның қасиеті мен маңызы туралы түсінік беру; нанның қандай еңбекпен әзірленетіні туралы қысқаша мағлұмат беру.	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) (Сенсорика) "Жеміс-көгөністерден жасалған тоқаш". (дөңгелек пен сопақшаны)	(Жапсыру) "Піскен бауырсақтар". Балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) (Математика негіздері)«Біздің бақшада» Әртүрлі түстен, өлшемнен

	тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; (Сурет салу) «Балабақшадағы әр түрлі доптар» (Мүсіндеу) Шарты: Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйрету	«Балабақшадағы түрлі түсті шарлар» ( Сурет салу) Шарты: Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата білуге үйрету.	салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; геометриялық пішін қасиеттерін жеміс және көгөніс пішініндерінен байқап, табуға дағдыландыру;	сызықтың бойына, жапсыру амалдарын игерту; (Көркем әдебиет)«Біздің балабақша»	тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту) «Балабақша үйіміз». (сурет бойынша әңгімелеу)
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	(Қоршаған орта) Күзгі ауа райын бақылау. - Балалар, айналага қараңдаршы, жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады. - Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді. Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Қ. Ыдырысов				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Балалардың дербес әрекеті	"Жапырақтарды жинайық"	Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.	"Өз орныңды тап" қимылды	"Кім тыныш?" қимылды ойыны	"Бұлттар ұқсап ұшайық"

<p>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>дидактикалық ойыны. Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуға үйрету. Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек).</p>	<p>Шарты: пішіндерді ажыратуға үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: түрлі түсті геомтриялық пішіндер.</p>	<p>ойыны балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ...</p>	<p>қимылды ойыны. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар". Педагог көркем сөзді қайта оқи алады.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Құрылымдалған Шарлармен жаттығулар орындау.Шарты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді.</p>	<p>Педагог жетекшілігімен ойын: Д/ойын«Кімде не бар?» Шарты:Заттардың(шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.</p>	<p>Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Шарты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.</p>	<p>Менің ойыншығым" Шарты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Шарты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және</p>

	(Топпен)				көрсетеді
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жеке мінез-қылықтары туралы әңгімелесу.				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: *кіші топ*

Балалардың жасы- *2 жас*

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі *23-27қазан 2022 ж*

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 23.10.22	Сейсенбі 24.10.22	Сәрсенбі 25.10.22	Бейсенбі 26.10.22	Жұма 27.10.22
Балаларды қабылдау	балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашуға қажетті талаптар", "Табиғи азықтары мен баланың денсаулығы",				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Саусақ жаттығуы. Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен	«Көбелек» ойыны «Қараңдаршы, көбелектер қандай әдемі: қызыл, сары, көк. Олардың саны өте көп. Олар тірі! Біздің көбелектеріміз қалай ұшатынын көрейік. (Көбелектерге үрлеу) Қараңдаршы, ал енді ұшайық! Сенде үрлеп көр! Қай көбелек ұзаққа	Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе,



			Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	ұшып кетеді?»	бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" С. Әлімқұлов
Таңертеңгі жаттығу	<p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</b></p> <p>1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы. Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру; 2 – "Қарлығаштай қанат артқа қағайық" деп артына созып айқастыру; 3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру; 4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. «Сағат тіліндей қозғалайық». Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3.«Билетейік аяқты» жаттығуы. Бастапқы қалып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.</p>				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	<p>(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Бір қап көкөніс.</li> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Дәмі тәтті жеміс.</li> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.</li> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ</li> </ul> <p>Жаңбырды төктім,</p>				

	<p>Бүкіл алқаптан өттім. Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар! Д. Ахметова</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет</p>			<p>Дене шынықтыру( маман жоспары бойынша) (Музыка) "Құстар қалай шиқылдайды?" (Сурет) «Досымның үйі» (Мүсіндеу) «Балабақшадағы әр түрлі доптар»</p>	<p>(Сенсорика) "Тиінге арналған үй" Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу ""Себетке жинаймыз" (Математика негіздері) «Достарымның ойыншықтары»</p>	<p>Дене шынықтыру( маман жоспары бойынша) (Сурет салу) "Шалқанды бояйық «Үйшік» ертегісі(көркем әдебиет) (жапсыру) «Досымның үйі »</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p>Серуен</p>	<p>Күнді бақылау. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. "Қаздар" қимылды ойыны. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин</p>				
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p>"Жүрейік" қимылды жаттығуы- Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік..</p>	<p>Музыкалық-ритмикалық жаттығу "Сиқырлы саусақтар" Бала, бала балақан, Қане қайсы алақан. Саусақтарың айбат, Былай, былай ойнат. «Тық-тық» дыбыс шықты Басбармақ тақылдады. Артынан саусақтарының Барлығы мақұлдады.</p>	<p>"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>			<p>«Сұрақ-жауап» ойыны «Түрлі – түсті моншақтар» дидактикалық ойын</p>	<p>« Көңілді аңдар» музыкалық ойын жаттығу Шарты әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын жасау.</p>	<p>«Достық» саусақ ойын жаттығу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балалардың жеке мінез-қылықтары туралы әңгімелесу.</p>				



«Бекітемін»

Мектеп директоры:  М.К.Кулсарина



Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жанындағы

«Бала би» мектепке дейінгі шағын орталығының

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛГЫШ ОҚУ

БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ұйымдастырылған іс-әрекетінің кіші тобының

қазан айына арналған перспективалық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиеші: Сағымбаева Г.Қ

## 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	Маман жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>-Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p>

	<p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>-ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді;</p> <p>-жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады;</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды.</p>
Сенсорика	<p>заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды; қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген; ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p>

Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.

**Көлік.**

Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

**Еңбекке баулу.**

Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.

**Адамгершілік тәрбиесі.**

Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.

**Табиғат әлемі.**

Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.

**Күтілетін нәтижелер:**

-есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды;



	<p>-заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды;</p> <p>- ересектердің еңбек әрекеттерін бақылайды.</p> <p>-көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі;</p> <p>- табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды;</p>
Құрастыру	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады;</p>
Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді;</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p>

		сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.
	Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды;</li> <li>-музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер)</li> </ul>

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: *кіші топ*

Балалардың жасы- *2 жас*

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі *30 қазан-03қараша 2022 ж*

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
------------------------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------------

Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы",				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Көкөністер дүкені" ойыны.</p> <p>Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оның атауын атайды, түсі мен пішінін айту үшін қолына алады.</p> <p>- Бұл ненің дыбысы?</p> <p>- Бұл ненің жүрісі?</p> <p>- Биіп-биіп!</p> <p>Абайландар, балалар!</p> <p>Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар!</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>- Балалар, жүк көлігі не әкелді?</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Жұмбақтар.</p> <p>Доптар жатыр желісі бар,</p> <p>Қабат-қабат терісі бар.</p> <p>(Орамжапырақ.)</p> <p>Ашулы қонақ бұл анық,</p> <p>Тоңып шешсе,</p> <p>жыладық. (Пияз.)</p>	<p>Саусақ жаттығуы</p> <p>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)</p> <p>- Бармақтай балғын!</p> <p>Сен қайда бардың?</p> <p>- Мына бауырыммен</p> <p>Орманға бардым,</p> <p>Мына бауырыммен</p> <p>Іштім де кеспе,</p> <p>Мына бауырыммен</p> <p>Дөп-ботқа жескем,</p> <p>Мына бауырыммен</p> <p>Ән салдым кеште.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Пазлды жинау.</p> <p>"Қарбыз".</p> <p>Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады.</p> <p>(сенсорика)</p>	<p>Қуыршақ ойыншығымен ойнату.</p> <p>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"</p> <p>Әлди, әлди!</p> <p>Әлди, әлди,</p> <p>бөпешім,</p> <p>Ән сап берем, келе ғой.</p> <p>Жыламашы,</p> <p>көкешім,</p> <p>Жұбатқанға көне ғой.</p> <p>Ұйқың келсе,</p> <p>бөлейін,</p> <p>Тербетейін есікке,</p> <p>Қаз-қаз басшы,</p> <p>көрейін,</p> <p>Барып келші есікке.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</p> <p>1. "Керілу жаттығулары".</p> <p>Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.</p>				

	<p>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу.</p> <p>2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".</p> <p>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.</p> <p>Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.</p> <p>Түзу тұрған қолды айналдыру.</p> <p>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.</p> <p>3. "Аяққа арналған жаттығулар".</p> <p>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.</p> <p>Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
<p>Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Бір қап көгөніс.</li> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Дәмі тәтті жеміс.</li> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.</li> <li>- Не әкелдің, жомарт күз?</li> <li>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ.</li> </ul> <p>Жаңбырды төктім, Бүкіл алқаптан өттім.</p> <p>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!</p> <p>Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет</p>	<p>(Музыка) (Күз мерекесі) (сөйлеуді дамыту, сенсорика, танымдық дағдылар) "Көгөністер"</p>	<p>Дене шынықтыру( маман жоспары бойынша) (Сурет салу) "Күн". үш саусақпен ұстап, ұшын қойған</p>	<p>Дене шынықтыру( мама н жоспары бойынша) (Сөйлеуді дамыту)"Біз</p>	<p>(Сенсорика) "Үлкен және кішкентай үйшіктер» Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) "Алма". Ермексаздан шарды илеу</p>

	көкөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту.	жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету;	шалқандай өстік" (Құрастыру) «Досымның үйі»	пішіндерді салыстырып, ажыратуды үйрету;	амалын игерту. (мүсіндеу)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ағаштарды бақылау. (қоршаған орта) қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Балапандар" қозғалыс ойыны. Педагог балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады. - Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді?	Үйшік салайық" Шарты. Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету. "Жемістер" дамытушы ойыны.	"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны. Балаларға киім түрлерін атауды, оларды ажыратуды үйрету; киіну	С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жылаамашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке,	Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады.

	<p>Көрсетіндер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіндерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ- тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды көрсетіп жүру.</p>	<p>Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма.</p>	<p>рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру.</p>	<p>Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" (көркем әдебиет)</p>	<p>Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.	Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".	<p>Дидакти-қ ойын: «Мен айтамын, досым жасайды» Дид-қ ойын: «Ойыншықтар дүкені»</p>	Балаларға ойыншықпен ойнап отырған сәтте бір бірлерінен ойыншықтарды тартып алуға болмайтынын ескерту.	<p>Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Шарты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жеке мінез-қылықтары туралы әңгімелесу.				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би «шағын орталығы»

Топ: кіші топ

Балалардың жасы- 2 жас

Педагогтың аты -жөні: Сағынбаева Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі 06-10 қараша 2022 ж

<b>Күн тәртібінің</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
-----------------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------------

<b>үлгісі</b>					
Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.(сөйлеуді дамыту)				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Әңгімелесу: "Баламен жол жүру және жол жүру ережесі".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көліктерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойыны. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру. - Көлікке сай дөңгелекті салайық, - Көшеге көлікті шығарайық.	"Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымындайды, Жымындайды. Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары. Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. Көзі көп, басы біреу. Д. Ахметова Педагог дөңгелектерді қатырма қағаздан немесе пластиктен ұсынуы мүмкін; әрбір балаға үш дөңгелектен беріледі	"Пойыз" үстел ойыны. Шарты: заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау. "Ту-ту" жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, (сұқ саусақпен бұлғау) Жымындайды, жымындайды. (саусақтарды жұдырыққа жинау, жұму, алақанды ашу) Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. (саусақтармен "ашып-жұму") Көзі көп, біреу басы. (сұқ саусақпен бұлғау) <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	"Ойыншықтарды жолдан өткізейік" дидактикалық ойыны. Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткенде қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" сөздерін айтып өткізу.
Таңертеңгі жаттығу	<b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> 1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.				

	<p>1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).  2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.  2-1 жерге отыру, допты жерге қою.  2-2 бастапқы қалыпқа келу.  2-3 жерге отыру, допты жерге қою.  2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).  3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.  3-1 еңкею, допты жерге қою.  3-2 бастапқы қалыпқа келу.  3-3 еңкею, допты жерге қою.  3-4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру.  Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз,  Бірге жүріп, тату ойнаймыз.  Ендеше көлікке отырайық,  Рульді ұстайық та бұрайық.  Д. Ахметова</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>(Музыка)</b>  "Көліктер әні".   <b>(сенсорика)</b>  Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4) бөлік  <b>(құрастыру)</b>  «Жеміс-жидекке арналған себет» (қағаздан құрастыру)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  (маман жоспары бойынша)   <b>(Сөйлеуді дамыту)</b>  «Үй жиһаздары»   <b>(Мүсіндеу)</b>  «Бағдаршам» саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)   <b>(Құрастыру)</b>  «Біздің көше» бөлшектерді көлденеңнен орналастыру.   «Көкөністер айтысы» ертегісі  <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>(Құрастыру)</b>  "Жүк машинасы жолы".  жүк машинасына кең жол салудың тәсілдеріне үйрету;  <b>(Сенсорика)</b>  «Саңырауқұлақтарды жинау»</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)  <b>(Көркем әдебиет)</b>  "Паровоз".  Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.</p>



		мүсіндеуді үйрету.			
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Күзгі күн райын бақылау. (<b>қоршаған ортамен танысу</b>) - Балалар, айналаға қараңдаршы.</p> <p>- Ағаштардың жапырақтары қайда?</p> <p>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма?</p> <p>- Жапырақтар қайда түсті?</p> <p>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.</p> <p>- Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар көшіп барады.</p> <p>- Адамдарға қараңдаршы, балалар, далада ауа салқын, біз жылы киінеміз.</p>	<p>Көліктерді бақылау. (қоршаған орта) Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.</p>	<p>Күнді бақылау. (қоршаған орта) Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған орта) - Балалар, жел соғып тұр ма екен? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар!</p>	<p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинату. Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p>
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюды, қолдарын жууды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Ұшақтар" қимылды ойыны. - Қане, ұшақтар,	Дид-қ ойын: «Көкөністерді сана» Жүрейік" қимыл	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Шарты: пішіндерді	Дид-қ ойын: «Күшті аңдарды сомдаймыз» Саусақ жаттығуы.	Дид-қ ойын: «Өзің жақсы көретін үй жануары»

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ұшындар! "Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"	жаттығуы. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік	ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастыру	"Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық, Қолға шатыр алайық Там-там соқса тамшылар, Жамылып отырайық. Д. Ахметова	Пойыз" үстел ойыны. заттарды (пішіндерді) бір қатарға тізіп, сол немесе оң жаққа итеріп жылжыту, педагогтің соңынан еліктеуіш сөздерді, "у" дыбысын қайталау. Ту-ту жүрдік,
Балалармен жеке жұмыс	«Сұрақ – жауап» ойынын ұйымдастыру. Баланың сөйлеу қабілетін дамыту.	«Досыңның есімін ата» Балалардың сөздік қорларын дамыту	«Ақ қоян» ойыны Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	Шынтаспен жеке жұмыс. Түстерді ажыратып айтуды үйрету	Наргизбен жеке жұмыс. Қарындашты дұрыс ұстап, пайдалануды бекіту.
Балалардың үйге қайтуы	Балалар үшін ойыншықтың маңызы				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: *кіші топ*

Балалардың жасы- *2 жас*

Педагогтың аты -жөні: *Сағынбаева Гүлнұр*

Жоспардың құрылу кезеңі *13 -17қараша 2022 ж*

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
------------------------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------------

Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.(сөйлеуді дамыту)				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Балаларға ойыншықтың және баланың сөйлеуінің маңызы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шаттық шеңбері. «Арайлап таң атты» Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық. Саусақ жаттығуы «Біз үйде нешеуіміз» Шарты: саусақтарын ашып жұмуға үйрету.	Саусақ жаттығуы Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. (сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуы «Қуырмаш» Шарты: музыка ырғанына сай, саусақтарын ашып жұмуға үйрету.	. Шаттық шеңбері. «Арайлап таң атты» Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық.	Саусақ ойындары: «Кім келді?» Шарты: Балаларды үлкендерге қарай отырып, саусақтарын ашып жұмуға , сөздерді қайталауға жаттықтыру
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1-1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1-2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 2-1 жерге отыру, допты жерге қою. 2-2 бастапқы қалыпқа келу. 2-3 жерге отыру, допты жерге қою. 2-4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).				

	<p>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.  3-1 еңкею, допты жерге қою.  3-2 бастапқы қалыпқа келу.  3-3 еңкею, допты жерге қою.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру.  Бір-бірімізге "Сәлем!" айтамыз,  Бірге жүріп, тату ойнаймыз.  Ендеше көлікке отырайық,  Рульді ұстайық та бұрайық.  Д. Ахметова</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>(Музыка) «Аңдар биі» музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;  Ойын «Қонжыққа арналған печенье» ( жапсыру, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) Шарты: Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) сұрақтарға жауап беруге, ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; печенье бөлікті қағаз бетіне орналастыру.</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)  (Сенсорика) "Көліктегі аңдар". Шарты: геометриялық пішіндердің қасиеттерін бақылап, біртұтас бейнені көріп, жетіспейтін бөлшектермен толтыруға дағдыландыру;  "Балық аулаймыз" үстел ойыны.  Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)  (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)  "Тиінге жаңғақ сыйлайық"  Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік етуінің ерекшелігі туралы түсінік беру. Тиінге жаңғақтардың суреттерін салуды үйрету.  (Қарлығаштың</p>	<p>«Ненің дауысы?» дидактикалық ойыны.  (сөйлеуді дамыту) балаларға таныс үй жануарларын бейнелейтін дыбыстық ойыншықтар дайындау (сиыр, ит, ешкі, мысық жәнетағы басқа). Педагог дайындалған ойыншықтард</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)  "Жабайы аңдар" (сөйлеуді дамыту) Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл-әрекеттерін көрсете білуге үйрету.  (Сенсорика)  "Сиқырлы</p>

		<p>балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әр балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)Түсті балықтарды қағаз бетіне орналастыру,балық суретін салу) (жапсыру,құрастыру,сурет салу)</p>	<p>құйрығы неге айыр) ертегісі (Көркем әдебиет)ертегі мазмұнын оқып беру. (Мультфильмін көрсету) Дайын қағаз бетіне қарлығаш құстың бейнесін үлгіге қарап отырып бояу,дайын құстың бейнесін жапсыру, педагогтың көмегі арқылы ермексаздан құстың бейнесін бейнелеу.(Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу) Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау (2-4 бөлік). (сенсорика)</p>	<p>ы шығарады (бір-бірден), сәйкес жануарлардың дауысына еліктей отырып, олармен ойнайды. "Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). (сөйлеуді дамыту, сенсорика) Шарты:Балаларға кірпінің қатпа қағазынан қиылған кескіні бойына қысқыштардың көмегімен тікендерді қадауды үйрету; Кірпі</p>	<p>қораптар". Шарты:Балаларды қораптарды ашуға және жабуға үйрету. кеңістіктік үлгілерді көрсету, кішкене заттарды үлкен қорапқа салу, заттың түсі туралы білімдерін бекіту; (Мүсіндеу)ермексаздан кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып.шарды илеу амалын игерту.Қағаз бетіне түсті шарларды бояуға дағдыландыру(сурет салу) (Көркем әдебиет)"Екінші мен Қасқыр" ертегісі.Көркем шығарманы тыңдату.</p>
--	--	---	--	--	--

				бейнесінің суретін педагог көмегімен суретін бояу және қағаз бетіне кірпі сұлбасын біріктіру. (Сурет салу, Жапсыру)	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Терезеден ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.	Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету.	Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы түсініктерін қалыптастыру.

				тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту	
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі түрде шешінуді, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюды, қолдарын жууды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» (сөйлеуді дамыту) Шарты: Балалардың бойында қамқорлық сезімдерін ояту. Түсті пішіндерді(дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) салыстыру, сәйкестендіру. (сенсорика)	"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Шарт: Балалардың біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Балаларға үстел үстінде дұрыс отыру дағдыларын қалыптастыру.	" «Ақ қоян» ойыны Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	"Түсін таңдау"(сенсорика) түстерді ажырата білуге және атауларын дұрыс айтуға үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	«Сұрақ – жауап» ойынын ұйымдастыру. Баланың сөйлеу қабілетін дамыту.	«Досыңның есімін ата»		«Сұрақ – жауап» ойынын ұйымдастыру. Баланың сөйлеу қабілетін дамыту.	«Досыңның есімін ата»
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жеке мінез-қылықтары туралы әңгімелесу.				

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Бала би» шағын орталығы

Топ: *кіші топ*

Балалардың жасы- *2 жас*

Педагогтың аты -жөні: Сағынбанва Гүлнұр

Жоспардың құрылу кезеңі *20 -24қараша 2022 ж*

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.(сөйлеуді дамыту)				
Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру	Балаларға ойыншықтың және баланың сөйлеуінің маңызы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	"Қарындаштарды, геометриялық пішіндерді түстеріне сәйкес топтастыру" Шарты: заттарды	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін ойнауға	"Мозаика" үстел ойыны. Шарты: геометриялық пішіндерден	"Мөлдір су" тақпағы. <i>Х. Ергалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір</i>	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Шарты: көлемі бес



